

Қаржы полициясы академиясына оқуға талапкерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы Агенттігі төрағасының 2001 жылғы 6 маусымдағы N 81 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1681. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы) төрағасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 122 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы) төрағасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 122 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан

үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

"Қаржы полициясы академиясында кандидаттарды оқуға іріктеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі Төрағасының 2001 жылғы 6 маусымдағы N 81 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы полициясы академиясына талапкерлерді уақытылы және сапалы іріктеуді қамтамасыз ету, қабылдау емтихандарын өткізу және талапкерлерді тыңдаушылар қатарына қ а б ы л д а у м а қ с а т ы н д а

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі Қаржы полициясы академиясына оқуға талапкерлерді іріктеу ережесі бекітілсін.
2. Қаржы полициясы академиясының бастығы және Қаржы полициясы агенттігі аумақтық бөлімшелерінің бастықтары:
 - осы бұйрықты жеке құрамға зерделеуді ұйымдастырсын;
 - бекітілген Ережеге сәйкес Қаржы полициясы академиясына

талапкерлерді уақытылы және сапалы іріктеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академия бастығына (М.Ш. Қоғамов)
жүктелсін.

4. "Салық полициясы академиясына оқуға талапкерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы" МҚМ СПК 1999 жылғы 7 қыркүйектегі N 91 V990912_ бұйрығының күші жойылған деп танылсын.

5. Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға
генерал-майор

Қазақстан республикасы	Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігімен	Қаржы полициясы агенттігі
"Келісілген"	төрағасының
	2001 жылдың 6 маусымындағы
	N 81 бұйрығымен
	"Бекітілген"

Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы
полициясы академиясына оқуға талапкерлерді іріктеу
ТӘРТІБІ

1. Жалпы ереже

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы полициясы академиясына (әрі қарай - Академия) оқуға талапкерлерді іріктеу шартымен белгіленген, сондай-ақ Академияда және Қаржы полициясы агенттігінің (әрі қарай - Агенттік) қаржы полициясы аумақтық органдарында, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті және аумақтық бөлімшелерінде (әрі қарай - кеден қызметі) іріктеу жұмыстарын ұйымдастыру белгілі тәртіппен жүргізіледі.

2. Академия қаржы полициясы органдарына және кеден қызметі үшін мамандар дайындайды.

3. Қаржы полициясы органдары және кеден қызметінің мамандар аппараты (

әрі қарай - жиынтық органдары) оқуға талапкерлерді дер кезінде және сапалы іріктеу жүргізуде осы Ережені басшылыққа алады.

4. Күндізгі оқыту бөліміне түсуге қаржы полициясы органдары және кеден қызметінің қатардағы және басшылық жасаушы құрамы санатынан жіберілген талапкерлер барып-қайту жол ақысын өздері қызмет істейтін бөлімшелерден қ а й т а р ы п а л а д ы .

5. Академияға оқуға түсуге келген талапкерлер қабылдау процесі кезінде, егер олар Академияда қалуға ықылас білдірсе, казармалық жағдайда орналастырылады. Олар өз қаражаты есебінен солдаттық мөлшер бойынша тамақтанады және тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз етіледі.

6. Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы полициясы академиясына азаматтарды қабылдау, бекітілген реттік 3 кезеңмен жүзеге асырылады:

бірінші кезеңде медицина, дене тәрбиесі және психологиялық көрсеткіштер бойынша Академияның қабылдау комиссиясы талапкерлер құрамын қ а л ы п т а с т ы р а д ы ;

екінші кезеңде Академия мемлекеттік білім стандарты және тест өткізу ұлттық орталығы әзірлеген технологиясына сәйкес кешенді тестілеу түрінде түсуді е м т и х а н д а р ы н ө т к і з е д і ;

үшінші кезеңде - Академияның мандаттық комиссиясы тыңдаушылар қатарына қабылдауды өткізеді.

7. Қаржы полициясы органдарынан және кеден қызметінен оқуға түсуге келген, жоғарыдағы қабылдау процесі кезеңдерінің бірінен өте алмаған талапкерлердің жеке істері мен қайтарылуының себебі көрсетіліп бір тәулік ішінде жинақтаушы органның өкілеттілігіне қайтарылады.

8. Академиядағы толық оқу курсына оқыған уақыты қаржы полициясы органдарының және кеден қызметінің өтіліне қосылады.

9. Қаржы полициясы академиясына басқа да мемлекеттік азаматтар қабылдануы мүмкін, сондай-ақ басқа министрліктердің жолдамалары бойынша Қазақстан Республикасы азаматтары Агенттік пен халықаралық және Үкімет аралық келісім негізінде контракт бойынша оқуға қабылданады.

2. Іріктеу шарты және оқуға жіберу

10. Академияда оқу үшін (сырттай оқыту бөлімі бойынша екінші жоғары білім алу тәртібімен - жоғары) орта немесе орта арнайы білімі барлар және қаржы полициясы органдарының және кеден қызметкерлерінің талап-тілектеріне сай келетін, әскери қызметке денсаулығы жарамды Қазақстан Республикасы азаматтары оқуға іріктелінеді.

11. Академияда оқу үшін аумақтық бөлімшелерінің жетекшілерімен

Академияның жиынтық органы тығыз қарым-қатынаста болып, талапкерлерді іріктеу мен оқып-үйренуді жүзеге асырады. Академия түлектері Ережеге сай жолдамамен келген бөлімшелеріне әрі қарай қызметін өткеруге жіберіледі.

12. Оқуға талапкерлерді іріктеу жиынтық органдарының төрағалығымен, Агенттіктің және Кеден комитетінің жетекшілерінің төрағалығымен, жиынтық органының іріктеуші комиссиялары арқылы жүргізіледі. Академиядағы іріктеу комиссиясының төрағасы Академия бастығы болып табылады.

13. Оқуға талапкерлерді іріктеудің негізгі принциптері:
талапкерлерді іріктеуде олардың моральдық, интеллектуальдық, психофизиологиялық және бітімдік тұлғасын толық және жан-жақты объективті түрде зерделеу болып табылады.

14. Қаржы полициясы органдарының және кеден қызметінің қатардағы және басқарушы құрам ішінен Академияға оқуға түскісі келетіндер, қызмет өткеру орнына байланысты Агенттіктің төрағасына, Кіріс министрлігінің Кеден Комитеті төрағасына немесе Академия бастығына мәлімет береді. Азаматтық тұлғалар тұрғылықты жері бойынша Академияның жиынтық органына арыз б е р е д і .

15. Қаржы полициясы органдарының және кеден қызметінің жетекшілері әрбір талапкерлердің мәліметін немесе арызын (өтінішін) қарайды, олармен сұхбат жүргізеді және Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясына қабылдау оның шарттарына сәйкес келген жағдайда талапкерлерді жеке іс құжатын дайындау үшін жинақтаушы органға жібереді. Жинақтаушы орган 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1702 Р971702_ "Қаржы полициясы органдарында қызметін өтеу туралы Ережеге" сәйкес оқуға түскісі келетін талапкерлерді дәрігерлік куәландырылуға және арнайы тексерістен өтуге материалдарын ж і б е р е д і .

16. Мамандық таңдау кезінде, талапкерді танудың негізі болып табылатын олардың іскерлігіне, жеке тұлғалылығына, моральдық және дене бітіміне байланысты жүргізіледі, бұндай қасиеттер болмаған жағдайда талапкермен ж ұ м ы с і с т е у т о қ т а т ы л а д ы .

17. Әрбір талапкерлерді танып-білу жұмысы аяқталған соң, олардың жеке іс-құжаттары оқуға жіберу немесе жібермеу туралы соңғы шешім іріктеуші комиссиясының қарауына жіберіледі. Бұл арада қорытынды шешімге келудің негізгі мәндері мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасының азаматығын алғандығы; оқуға түскен мерзімде жасының 16-ға (ағымдағы жылдың қыркүйек айы) толуы; жалпыға ортақ орта немесе орта кәсіптік білімінің болуы; әскери қызметке жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы; кешендеуші органның талапкердің моральдық, интеллектуальдық , психофизиологиялық және бітімдік сапаларын зерделеген арнайы тексеруден

өткендігі туралы шешімі. Іріктеуші комиссия отырысының қорытындысы хаттама арқылы толықтырылып, хаттама комиссия төрағасымен бекітіледі және хатшының қолымен расталынады. Хаттаманың көшірмесі әрбір талапкердің жеке іс іне х а т т а л ы н а д ы .

18. Талапкерлердің құжат материалдары оқуға түсу үшін Академияға жіберіледі. Академияның қабылдау комиссиясы әрбір талапкерлердің құжаттарын қарап, арнайы тексеруден өту міндеттерін ескеріп, сондай-ақ әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландыруымен және қабылдау емтиханына жіберу туралы осы Ереженің 17 бабында көрсетілген талаптарға сәйкес соңғы шешім шығарылады. Түсу емтиханына талапкердің жіберілуі немесе жіберілмеуі туралы шешім түсу емтиханына дейін он күн бұрын құжат жіберілген бөлімшелерге хабарланады.

19. Қаржы полициясы органдары және кеден қызметі қызметкерлері ішінен оқуға түскісі келген талапкерлерге қабылдау емтиханы толық тапсыруын ескеріп , оның алдын ала кезекті еңбек демалысы беріледі.

20. Академияға оқуға түсуге құқы бар қаржы полициясы органы және кеден қызметі қызметкерлерінің талапкерлері оқуға түсу туралы соңғы шешім шыққанға шейін басқа бөлімшеге ауысуға, іштей басқа қызметке орналасуға және штаттық қысқару бойынша жұмыстан шығуға тыйым салынады.

21. Жинақтау органдары Академияға оқуға түскісі келетін талапкерлерді қабылдау емтихандарын тапсыру үшін Академия бастығының шақыруы б о й ы н ш а ж і б е р е д і .

22. Қаржы полициясы органы және кеден қызметі қызметкерлері қатарынан күндізгі оқу бөліміне оқуға түсетін талапкерлер қабылдау емтихандарын тапсыруға кетпес бұрын, өз қызметі бойынша белгіленген тәртіппен іс құжаттарын тапсырады, бірақ оқуға түскенше өз қызметінен босатылмайды.

23. Қаржы полициясы органдарының және кеден қызметінің қатардағы және басқарушы құрам тұлғалары ішінен күндізгі оқыту бөліміне түсушілер қабылдау емтихандары аяқтағанша ақша қаражатымен қамтамасыз етіледі, ал қаржылық қызмет оларға ақшалай және заттық аттестаттарын береді.

3. Оқуға түсетін талапкерлердің жеке істерін тіркеу

24. Агенттіктің белгіленген талабына сәйкес Академияның күндізгі оқыту бөліміне түсетін талапкерге жеке істер дайындалынады. Талапкердің жеке істеріне мыналар тіркеледі: оқуға жіберу туралы мәлімет немесе өтініш, Агенттік қызметкерлері үшін оқуға жіберу туралы қорытынды-аттестация, соңғы оқу немесе жұмыс орнынан мінездеме, оқуға жіберу туралы қорытынды, қаржы полициясы бөлімшесінің кадрлар аппараты растаған білімі туралы құжат

көшірмесі, әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысымен берілген дәрігерлік куәландыру, 3 фотосуреті (бас киімсіз, 3х4 мөлшерлі, бұрыштамасыз).

25. Қаржы полициясы органы және кеден қызметі қызметкерлерінің ішінен

сырттай оқыту бөліміне іріктелген талапкерлерге оқу істер дайындалып, оған мынадай құжаттар кіреді: мәлімет, кадрлар есебі бойынша жеке іс қағазы, оқуға жіберу туралы қорытынды аттестация, оқуға жіберу туралы қорытынды, белгіленген үлгі бойынша дәрігерлік анықтама, жинақтаушы орган растаған білімі туралы құжат көшірмесі, үш фотосуреті (бас киімсіз, 3х4 мөлшерлі, бұрыштамасыз).

4. Оқуға іріктеу мен жіберудің ерекше шарттары

26. Жас мөлшері 16 жасқа толған және 32 жастан аспаған талапкерлер Академияның күндізгі оқыту бөліміне іріктелінеді.

27. Академияның күндізгі оқыту бөліміне түсуге келген талапкерлерге Академия бастығы тарапынан тұрмыстық жағдай жасалынады.

28. Талапкерге аралас мамандық немесе біліктілігін арттыру мақсатында білім алу қажет болған жағдайда екінші жоғары білім алу үшін оқуға түсуге рұқсат етіледі.

29. Оқуға түсетін талапкерлердің жас мөлшері мен олардың қызмет өтелі оқуға қабылданған уақытындағы мерзіммен анықталады.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Шарипова М.Е.